

Еңбекшілдер ауданының Кеңашы ауылы аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Еңбекшілдер ауданының Кеңашы ауылы әкімінің 2016 жылғы 20 мамырдағы № 1 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 24 мамырда № 5379 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Еңбекшілдер ауданының Кеңашы ауылы әкімінің 2016 жылғы 10 қазандағы № 3 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Еңбекшілдер ауданының Кеңашы ауылы әкімінің 10.10.2016 № 3 (ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 37 бабы 3 тармағына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабы 7 тармақшасына, 2016 жылғы 22 сәуірдегі Еңбекшілдер ауданының мемлекеттік ветеринариялық-санитарлық бас инспекторы міндетін атқарушының № 01-36-254 ұсынысы негізінде, Кеңашы ауыл әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Еңбекшілдер ауданының Кеңашы ауылы аумағында қара мал арасында бруцеллез жұқпалы ауру ошағының анықталуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім Ақмола облысы Әділет департаментінде тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Кеңашы ауылының әкімі

З.Рахимова

"КЕЛІСІЛДІ"

"Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы Министрлігі
ветеринариялық бақылау
және қадағалау Комитетінің
Еңбекшілдер аудандық аумақтық
инспекциясы" мемлекеттік мекемесінің
басшысы

Т.А.Бекмағанбетов

"20" 05 2016 жыл

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК